

DOI: <https://doi.org/10.47344/16pmbt11>

FTAMP: 10.17.65

Ақпараттандыру және байланыс саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтарды анықтау және әкімшілік іс жүргізудің ерекшеліктері

Камилла Тлеубекова
SDU University, Қаскелең, Қазақстан
email: 231401002@sdu.edu.kz

Аңдатпа

Қазіргі таңда ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың дамуына байланысты, ақпараттандыру және байланыс саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтарды анықтау мәселелері мен әкімшілік іс жүргізудің ерекшеліктері, осы саладағы құқықтық реттеудің күрделенуіне байланысты өзекті болып табылады. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының және Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің статистикалық деректері, ақпараттандыру және байланыс саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар саны елімізде жыл сайын өсіп келе жатқанын көрсетеді. Бұл заңнамалық база мен әкімшілік құқық бұзушылықтарды анықтау үшін қолданылатын әдіс-тәсілдерге назар аударуды, құқық бұзушылықтар бойынша әкімшілік іс жүргізудің ерекшеліктерін ескеру тұсында өзекті. Мақаланың мақсаты-ақпараттандыру және байланыс саласындағы құқық бұзушылықтарды анықтау мен істер бойынша әкімшілік іс жүргізудің ерекшеліктерін зерделеу болып табылады. Мақаланың нәтижесінде ақпараттандыру және байланыс саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтарды анықтаудың теориялық мәселелері мен әкімшілік іс жүргізудегі уәкілетті органдардың қызметі мәселесі талданып, құқық бұзушылықтар үшін қолданылатын әкімшілік жаза шараларын жетілдіру бойынша ұсыныстар ұсынылған.

Кілт сөздер: ақпараттық-коммуникациялық технология, ақпараттандыру, байланыс, әкімшілік құқық бұзушылық, әкімшілік жаза, құқық бұзушылық, әкімшілік іс жүргізу, әкімшілік-құқықтық жауапкершілік.

Кіріспе

Қазіргі таңда ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, дербес деректерді, мемлекеттің маңызды инфрақұрылымы мен жүйелерін қорғау мәселесі өзекті әрі әр мемлекеттің басты міндетіне айналып отыр. Ақпараттық кеңістікте туындайтын қауіптер мен қатерлердің көбеюі бұл саланы құқықтық реттеу тетіктерін жетілдіру қажеттілігін алға тартады. Әсіресе, ақпараттандыру мен байланыс салаларында құқық бұзушылықтардың жаңа түрлерінің пайда болуы әкімшілік-құқықтық жауапкершіліктің мазмұнын қайта қарауды талап етеді. Цифрлық технологиялардың жедел дамуы, интернет желісінің кеңеюі және мемлекеттік қызметтердің электрондық форматқа көшуі ақпарат саласындағы құқық бұзушылықтардың аясын кеңейтіп отыр. Бұл жағдай мемлекеттік органдардан жедел әрекет етуді, қолданыстағы заңнаманы үнемі жаңартып отыруды және әкімшілік құқық бұзушылықтарға қарсы пәрменді шаралар қабылдауды талап етеді.

Аталған мақаланың зерттеу сұрақтары келесідей. Қазіргі уақытта ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында қандай әкімшілік-құқықтық жауапкершілік шараларының тиімділігі жоғары? Ақпараттандыру және байланыс саласындағы құқық бұзушылықтарды анықтау және реттеу үшін қандай жаңа тәсілдер мен заңнамалық өзгерістер қажет?

Зерттеу барысында заңнамалық талдау, салыстырмалы құқықтық зерттеу, тәжірибелік деректерді жинау әдістері қолданылды. Сонымен қатар, қазіргі уақыттағы ақпараттық қауіпсіздік саласындағы тәжірибелер мен әлемдік тенденциялар сарапталды.

Мақаланың теориялық маңыздылығы – ақпараттандыру және байланыс саласындағы құқық қолдану ерекшеліктерін ғылыми тұрғыдан түсінуді, осы саладағы құқық бұзушылықтарды анықтаудың құқықтық тетіктерін жүйелеу болып табылады. Ал практикалық маңыздылығы – мақаланың қорытындылары әкімшілік-құқықтық жауапкершілікті дамытуға, әкімшілік жаза шараларын жетілдіруге және құқық қолдануды тиімді реттеуде пайдаланылуы мүмкін. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері құқық қорғау органдарының, заң шығарушы және атқарушы билік өкілдерінің тәжірибелік қызметінде қолдануға негіз бола алады.

Зерттеу барысында ақпараттандыру және байланыс саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтардың жиіленуі және оларды анықтау мен жауапкершілікке тарту механизмдерінің әлсіздігі анықталды. Қолданыстағы заңнаманың кейбір нормалары нақты әрі тиімді әкімшілік шараларды көздемейді, бұл құқық бұзушылардың жазадан жалтаруына немесе жазаның алдын алу функциясының төмен болуына алып келеді. Сонымен қатар, құқық бұзушылықтарға қатысты статистикалық деректер жеткілікті болғанымен, олардың нақты кім тарапынан және қандай түрде жасалғаны жөнінде ашық ақпараттың жетіспеуі – уәкілетті органдар қызметінің ашықтығы мен есептілігіне күмән тудырады. Зерттеу барысында сот құзыретінің шектеулігі және әкімшілік жазалардың (әсіресе айыппұл түріндегі) жеткіліксіздігі – құқық бұзушылықпен күресте тежеу факторы болып отырғаны анықталды. Бұл мақала бес бөлімнен тұрады: кіріспе, әдебиетке шолу, зерттеу нәтижелері, талқылау және қорытынды.

Әдебиетке шолу

Ақпараттандыру және байланыс саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтарды анықтау және әкімшілік іс жүргізудің ерекшеліктері туралы мақалада, әкімшілік құқық бұзушылықтар және ақпараттық қауіпсіздік бойынша зерттеулер мен нормативтік құжаттар қарастырылған. Соның ішінде Қазақстан Республикасындағы әкімшілік құқық, ақпараттық технологиялар мен байланыс саласындағы құқықтық жауапкершілік, киберқауіпсіздік, және цифрлық даму мәселелері қамтылған.

Мақалада Р.А.Подопригораның редакциясындағы «Административное право: учебный курс» (2010) еңбегі негізге алына отырып, әкімшілік құқықтың негізгі принциптері мен әдістері қарастырылған. Бұл еңбекте әкімшілік құқықтың жалпы теориясы, оның ішінде байланыс және ақпараттық қауіпсіздік мәселелері де қамтылған. Амелин, Куликова және Чаннов (2016) еңбегінде ақпараттық құқықтың негізгі аспектілері схемалар арқылы түсіндіріліп, қазіргі ақпараттық қоғамдағы құқықтық механизмдерге назар аударылған. Бұл еңбек ақпараттық қауіпсіздік мәселелеріне ерекше мән береді және осы саладағы әкімшілік құқық бұзушылықтарды қарастырады. Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің құжаттары (2023) цифрлық даму және ақпараттық қауіпсіздік саласындағы әкімшілік реттеуді сипаттайды. Министрліктің қызметі байланыс операторларын бақылау және ақпараттық жүйелерді аудиттеу бойынша шараларды қамтиды. Бұл құжаттар киберқауіпсіздікке қатысты заңнамалық талаптарды күшейту қажеттігін көрсетеді. Д. В. Ивановтың монографиясы (2021) ақпараттық технологиялар саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтарды реттеудің құқықтық механизмдеріне арналған. Бұл еңбекте заманауи ақпараттық қауіпсіздік мәселелеріне байланысты құқықтық нормалардың өзектілігі көрсетілген. Е.В. Безручко мен Б. Г. Рысай (2020) еңбегінде байланыс және ақпарат саласындағы әкімшілік

жауапкершілікке қатысты кейбір мәселелер талқыланады. Бұл еңбекте әкімшілік құқық бұзушылықтарды тиімді анықтау мен оларды жою жолдары ұсынылады.

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі мен Ұлттық қауіпсіздік комитеті мәліметтері (2023) Қазақстандағы киберқауіпсіздікке қатысты оқиғаларды, соның ішінде шетелдік хакерлердің шабуылдарына қарсы қабылданған шараларды сипаттайды. Қазақстанның ақпараттық инфрақұрылымының қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік деңгейде қабылданған шаралар көрсетілген. PT Security есебі (2023) ТМД елдеріндегі, соның ішінде Қазақстандағы киберқауіптер мен қауіпсіздік мәселелерін талқылайды. Бұл есеп киберқауіпсіздікке қатысты болашақта мүмкін болатын тәуекелдерді болжауға көмектеседі. Сонымен қатар теориялық және практикалық материалдардан бөлек, осы саладағы тиісті нормативтік-құқықтық актілер мен министрліктердің бұйрықтары басшылыққа алынды.

Зерттеу нәтижелері

Қоғам өмірінің барлық саласы ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланатын болғанынан, әкімшілік құқық бұзушылықтарды құқықтық реттеу аса маңызды болып табылады. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексі (бұдан әрі – ҚР ӘҚБтК) 25-бабының 1-бөлігіне сәйкес, осы Кодексте сол үшін әкімшілік жауаптылық көзделген, жеке тұлғаның құқыққа қарсы, кінәлі (қасақана немесе абайсызда жасаған) әрекеті не әрекетсіздігі немесе заңды тұлғаның құқыққа қарсы әрекеті не әрекетсіздігі әкімшілік құқық бұзушылық деп танылады (Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі, 2014 ж. 5 шілде). Р.А.Подопригора, әкімшілік құқық бұзушылық-бұл ӘҚБтК-де әкімшілік жауаптылық көзделген жеке тұлғаның құқыққа қарсы, кінәлі (қасақана немесе абайсызда) әрекеті не әрекетсіздігі немесе заңды тұлғаның құқыққа қарсы әрекеті не әрекетсіздігі (Подопригора, 2010, 291-б) деп түсіндірген.

Ақпараттандыру және байланыс саласы ақпараттық құқықпен тығыз байланысты. Бұл құқық саласы елімізде жаңадан дамып келе жатқандықтан, осы салада жасалатын құқық бұзушылықтарға тоқталу маңызды. Ақпараттық құқық бұзушылық-бұл ақпараттық салада, сондай-ақ ақпараттық құралдар мен технологияларды пайдалану арқылы басқа да қызмет салаларында деликтке қабілетті тұлға жасаған қоғамға қауіпті, заңға қайшы, кінәлі әрекет (Амелин, Куликова және Чаннов, 2016, б. 97).

Ақпараттандыру және байланыс саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар негізінен байланыс операторының жедел-іздістіру және қарсы барлау іс-шараларын техникалық қамтамасыз ету міндетін орындамауы, операторлардың дербес деректерді өңдеу талаптарын бұзуы, радиожилік спектрін бір жыл бойы пайдаланбау немесе берілген рұқсатқа сәйкес байланыс операторларының байланыс қызметін тиісті елді мекендерде көрсетпеуі, байланыс операторларының байланыс сапасына сәйкес келмейтін сапасыз байланыс қызметін көрсетуі түрінде орын алады.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың дамуы арқылы осы саладағы әкімшілік құқық бұзушылықтардың өсуі байқалады. Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі (бұдан әрі – ҚР ЦДИАӨМ) жинағының 2024 жылдың 8 айы бойынша «Уәкілетті органдармен әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі істерді қарау нәтижелері туралы» №1-ӨІ нысанды статистикалық есебі растайды. Есепке сәйкес, ӘҚБтК 31-тарауы «Ақпараттандыру және байланыс саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар» бойынша 267 әкімшілік құқық бұзушылық тіркелген (Қазақстан

Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі, 2023).

Мемлекет заңдардың орындалуын, мемлекеттің заңды мүдделері, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының қорғалуын қамтамасыз ету үшін, мемлекеттік органдар арқылы бақылау-қадағалау қызметін жүзеге асырады. Д.В.Иванов әкімшілік мәжбүрлеу шараларын қолдану құқығын барлығы емес, тек атқарушы биліктің арнайы уәкілетті органдары пайдаланады. Бұл мәжбүрлеу шараларын қолдануды бақылау мен қадағалауды жеңілдетеді (Иванов, 2021, б. 9) деген түсінік берген. Сәйкесінше, ӘҚБтК-нің 31-тарауындағы ақпараттандыру және байланыс саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтарды соттардан бөлек, ӘҚБтК-нің 692-бабына сәйкес, Байланыс және ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган және 692-2 бабына сәйкес, Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы ҚР ЦДИАӨМ құрамына кіретін Ақпараттық қауіпсіздік және Телекоммуникация комитеті қарайды.

Д. В. Иванов: «әкімшілік қадағалау белгілі бір заңды құбылыс ретінде тәуелсіз әкімшілік құқық институты», - деген түсінік беру арқылы, әкімшілік қадағалау арнайы мемлекеттік органдардың заң бұзушылықтарды үздіксіз және жүйелі бақылауынан тұратынын, бақылау жұмыстың заңдылығы мен орындылығын бақылаудан, оны ғылыми, құқықтық, әлеуметтік-саяси және ұйымдастырушылық-техникалық тұрғыдан бағалаудан тұратынын (Иванов, 2021, б. 28) айтқан. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істердің ведомстволығы, лауазымды адамдардың істерді қарау және әкімшілік жазаларды қолдану жөніндегі құзыреті бойынша, соттар ӘҚБтК-нің 637-бабының (сегізінші, тоғызыншы, оныншы және он үшінші бөліктерінде), 638-бабының екінші бөлігіндегі істерді қарайды. Байланыс және ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган ӘҚБтК-нің 637-бабының (бірінші, екінші, үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, он бірінші, он екінші, он төртінші және он бесінші бөліктеріндегі), 638-бабының (бірінші бөлігінде) көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды. Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган ӘҚБтК-нің 639, 640, 641-баптарындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарайды.

Уәкілетті орган ретінде Телекоммуникация комитеті өз қызметі барысында: жиіліктер белдеулерін, радиожиіліктерді (радиожиілік арналарын) беру, радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды пайдалану қағидаларын әзірлеу; ҚР байланыс саласындағы заңнамасы талаптарының бұзылуы анықталған кезде нұсқамаларды жіберу; байланыс операторлары көрсететін байланыс қызметтерінің сапасын бақылауды жүзеге асыру; азаматтық мақсаттағы радиоэлектрондық құралдар және (немесе) жоғары жиілікті құрылғылар үшін ҚР аумағында радиожиілік спектрін пайдалануға рұқсат беру; тарифтерді қалыптастыру қағидаларын әзірлеу функцияларын жүзеге асырады (Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Телекоммуникациялар комитеті туралы ереже, 2019).

Ал Ақпараттық қауіпсіздік комитеті: мемлекеттік органдардың, жеке және заңды тұлғалардың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мониторингін жүргізу; ақпараттық қауіпсіздік инциденттерінің, оның ішінде әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, төтенше немесе соғыс жағдайы енгізілген жағдайларда алдын алу және оларға жедел ден қою; ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптардың орындалуына мониторингті жүзеге асыру; ақпараттық жүйелерге аудит жүргізу қағидаларын келісу; мемлекеттік органдардың функцияларды іске асыру мақсатында деректерді талдауды жүзеге асыру үшін электрондық ақпараттық ресурстарды жинау, өңдеу, сақтау, беру жөніндегі қағидаларды келісу; ҚР электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасы және Ақпараттандыру туралы талаптарының бұзылуы анықталған кезде нұсқама беруді жүзеге

асырады (Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Ақпараттық қауіпсіздік комитеті туралы ереже, 2019).

Талқылау

Мемлекет бақылау-қадағалау функциясын жүзеге асыратын болғандықтан, бақылауды белгілі әдіс-тәсілдермен жүргізеді. Дегенмен, осы туралы Д.В.Иванов мемлекеттік бақылаудың нақты әдістері мен формалары әдебиетте және заңнамалық деңгейде белгіленбегенін атап өткен. Өз монографиясында М.Л.Баранов пен А.З.Завалунов сынды ғалымдардың пікірін келтіре отырып, мемлекеттік бақылаудың нысандары: тексеру, инспекциялау, ревизия, сараптама және мониторинг болып табылатынын көрсеткен (Иванов, 2021, б. 33).

Телекоммуникация және Ақпараттық қауіпсіздік комитеті қызметі барысында жоспарлы, жоспардан тыс тексерулер, аудит және мониторинг жүргізеді. Ақпараттық жүйелердің аудитін жүргізу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2018 жылғы 13 маусымдағы № 263 бұйрығының 3 тармағының 1 тармақшасына сәйкес, аудит-ақпараттық жүйенің ағымдағы жай-күйінің, онда болып жатқан олардың ақпараттандыру саласындағы техникалық регламенттерге, стандарттарға сәйкестік деңгейін айқындайтын әрекеттер мен оқиғалардың бағасын алу (Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің № 263 бұйрығы, 2018). Аудитті ақпараттық технологиялар мен ақпараттық қауіпсіздік саласындағы бірыңғай талаптарға сәйкестікті, құжаттарды бағалауды, тәуекелдерді талдауды, ақпараттық технология мен жүйелердің мақсаттары мен міндеттерінің сәйкестігін және қорғалу деңгейін анықтау мақсатында ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган жүргізеді. Мониторинг-байланыс саласында ұялы байланыстың сапасы мен радиожиилік спектрі, радиоэлектрондық құралдар және жоғары жиілікті құрылғылар мониторингін жүргізу арқылы, олардың қызметін бақылау мақсатында жүргізіледі. Осы әдістер аталған саладағы заңнаманың сақталу деңгейін анықтау мен құқық бұзушылықтардың алдын алуға мүмкіндік береді.

Телекоммуникация комитеті байланыс қызметтерін көрсету сапасын бақылауды, соның ішінде азаматтардың өтініші негізінде ұялы байланыс сапасын жоспардан тыс тексеруді жүзеге асырады. Бұқаралық ақпарат құралдарының мәліметінше, 2023 жылы байланыс операторларына жоспардан тыс 763 тексеру жүргізіліп, жалпы сомасы 3 миллиард 18 миллион теңге айыппұл салынған. 2020 жылы 93 тексеру жүргізіліп, жалпы сомасы 23,9 миллион теңге көлемінде айыппұл; 2021 жылы 562 тексеру жүргізіліп, жалпы сомасы 132 миллион теңге айыппұл; 2022 жылы 1175 тексеру жүргізіліп, жалпы сомасы 1,6 миллиард теңге айыппұл салынған (Как МЦРИАП контролирует операторов связи, 2023). Ақпараттық қауіпсіздік комитетінің 2024 жылғы мәліметінше, комитет ҚР Ақпараттандыру саласындағы заңнамасының сақталуына жоспардан тыс 26 тексеріс жүргізген. Тексеріс бойынша 7 заңды тұлғаға 1 006 070 теңге, 11 лауазымды тұлғаға 304 590 теңге әкімшілік айыппұл салынған. Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету талаптарын бұзғаны үшін 3 лауазымды тұлға 83 070 теңгеге, 1 жеке тұлға 18 460 теңгеге және 3 заңды тұлға 424 580 теңгеге айыппұл салынып, әкімшілік жауапкершілікке тартылған (Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Ақпараттық қауіпсіздік комитеті, 2023).

Ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы, осы салада жасалып жатқан құқық бұзушылықтарды анықтаудың тиімді әдістерін қалыптастыруды қажет етеді. Дегенмен, осы саладағы әкімшілік құқық бұзушылықтарды анықтау мен іс жүргізуде бірқатар мәселелер бар. А.К.Дубень осы саладағы құқық қолданудың, әкімшілік жауапкершілікке тартудың негізгі мәселелерін келесідей сипаттаған. Ақпараттық саладағы құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік

жауапкершілікке тартудың негізгі мәселесі – қаралып отырған құқық бұзушылықтар санатын тергеу және сот талқылауының төмен тиімділігімен байланысты (Дубень, 2022) екендігін атап өткен. Бұл құқық бұзушылықтардың ашылмауына немесе сотта дұрыс қаралмауына әкелуі мүмкін екенін және соттардың осы саладағы құзыретінің шектеулі екенін көрсетеді. Б.Г.Рысай болса, әкімшілік тергеу процедурасының ақпараттық саладағы тиімділігі төмен екенін, ол ақпараттық құқық бұзушылықтардың жоғары латенттілік деңгейімен, құқық бұзушылықтарды жасаудың әртүрлі тәсілдерімен, ақпараттық құқық бұзушылықтың жасалған орны мен уақытын анықтаудың күрделілігімен байланысты (Безручко & Рысай, 2020) екенін атап өткен. Сонымен қатар автор, Ресей Федерациясының Әкімшілік Кодексінің 13.14-бабына сәйкес, қол жетімділігі шектеулі ақпаратты жариялау қол жетімділігі шектеулі ақпаратты алған сәттен бастап емес, нақты оқиға басталған сәттен бастап жасалуы мүмкін. Әдетте, мұндай істер тексерулер нәтижесінде немесе жасалған құқық бұзушылық фактісі бойынша алынған мәліметтер негізінде қозғалатынын (Безручко & Рысай, 2020) айтқан.

Авторлардың пікірлерімен келісуге болады, себебі бұл елімізде де бар мәселе. ҚР ӘҚБтК-нің 637-бабының 1-бөлігі, 638-бабының 2-бөлігі, 639-баптың 1-бөлігі, 640-баптарының 1,3-бөліктері және 641-баптың 1,2,5-бөліктері бойынша құқық бұзушылық құрамы формальды болып табылады, яғни бақылаушы орган құқық бұзушылық фактісін анықтаған сәттен бастап аяқталған болып есептеледі. Ғылыми-практикалық түсініктеме, ӘҚБтК-нің 639-бабының 1-бөлігінде көзделген іс-әрекет ақпараттық қауіпсіздік инцидентінің туындауына әкеп соққан жағдайда, әкімшілік құқық бұзушылықтың осы құрамы материалдық болып саналатынын түсіндіреді (Научно-практический комментарий к Кодексу Республики Казахстан об административных правонарушениях, 2020). 641-бабының 1-бөлігіндегі құқық бұзушылық құрамы материалды және формальды болып табылады. Себебі, ғылыми-практикалық түсініктеме, қол жетімділігі шектеулі дербес деректерді қамтитын ақпараттық жүйелердің меншік иесінің немесе иесінің оларды қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асырмауы немесе тиісінше жүзеге асырмауы оларды үшінші тұлғалардың заңсыз пайдалануына әкеп соғуы және сол арқылы зиян келтіруі мүмкін (Научно-практический комментарий к Кодексу Республики Казахстан об административных правонарушениях, 2020) деген түсіндірме берген. Құқық бұзушылық құрамдарының материалды және формальды болып бөлінуі әкімшілік құқық бұзушылықтарды сипаттаудың екі түрлі тәсілі және олардың мазмұны мен құқық бұзушылық фактілеріне қойылатын талаптары әр түрлі болуына байланысты.

Д.Н.Бахрах, Б.В. Российский, Ю.Н.Старилов сынды ғалымдар әкімшілік құқық бұзушылықтар (қылмыстардан айырмашылығы) жағдайлардың басым көпшілігінде формальды құрамға ие, тиісті нормалар ешқандай зиянды материалдық зардаптардың болмауына қарамастан, заңсыз әрекетті жасағаны үшін ғана жауапкершілікті көздейді (Бахрах, Российский, & Старилов, 2005, б. 534) деген. Егер нақты зиян келмесе де, әрекет (немесе әрекетсіздік) заңға қайшы келсе, құқық бұзушылық болып саналады дегенді білдіреді. Орыс ғалымдары формальды құрамы бар құқық бұзушылықтардан басқа, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы заңнамада зиянды материалдық салдардың міндетті түрде басталуын қамтитын материалдық құрамы бар көптеген құқық бұзушылықтар қарастырылған (Бахрах, Российский, & Старилов, 2005, б. 534) деген түсінік берген. Өз кезегінде материалды құрам тек әрекет (әрекетсіздіктің) өзін ғана емес, сонымен бірге нәтижесінде пайда болған қоғамдық зиянды салдардың болуын да қамтиды. Елімізде формальды және материалды құрамдар қатар қолданылады. Ақпараттандыру және байланыс саласындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу және міндетті стандарттардың сақталуын бақылауды қамтамасыз ету үшін формальды құрамды қолданған дұрыс. Дегенмен, қоғамға, мемлекетке, жеке немесе заңды тұлғаларға айтарлықтай зиян келтіретін аса қауіпті

немесе жүйелі құқық бұзушылықтар үшін іс-әрекеттің нақты салдары ескерілетін материалды құрамның элементтерін қарастыруға болады. А.К.Дубень, Б.Г.Рысай істердің тексерулер нәтижесінде немесе жасалған құқық бұзушылық фактісі бойынша алынған мәліметтер негізінде қозғалатындығын атап өтуі, осы мәселемен байланысты.

Құқық бұзушылықтардың материалды және формальды құрамдары бойынша сот практикасынан мысал келтіретін болсақ, Телекоммуникация комитетіне Астана қаласының интернет байланысы сапасына қатысты өтініштері негізінде «Мобайл Телеком-Сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қатысты жоспардан тыс тексеру жүргізілген. Интернет желісіне қол жеткізу қызметтерінің сапа көрсеткіштері 4G технологиясындағы FTP серверінен деректерді жүктеудің орташа жылдамдығы көрсеткіші үлесінің нормаланған параметрін бұзу тіркеліп, 2022 жылғы 23,24,25 қарашадағы ұялы байланыс қызметтері сапасының техникалық параметрлерін өлшеу нәтижелері туралы есептермен расталған (Қазақстан Республикасының сот актілері, 2023, № 7199-23-00-3а/202).

№7199-23-00-3а/179-ісінде де Астана қаласының тұрғындарының өтініші негізінде «Мобайл Телеком-Сервис» құқық бұзушылығы анықталған. R&S freerider IV радио бақылау кешені өлшеу кешенінің сәйкестендіру деректері (Қазақстан Республикасының сот актілері, 2023, № 7199-23-00-3а/179), тағы бір істерде уәкілетті орган Attach/Detach рәсімдері тек 2G технологиясында интернет байланысын тестілеу кезінде қолданылатынын түсіндірген (Қазақстан Республикасының сот актілері, 2023, № 7199-23-00-3а/203). Сәйкесінше, осындай құқық бұзушылықтарды анықтау үшін интернеттің немесе жабдықтың сапасын талдау сияқты техникалық сараптамалар, салдардың басталуын тіркейтін және дәлелдей алатын құралдарды пайдалануды қажет етеді.

Жоғарыдағы мысалдар келтірілген құқық бұзушылықтар ҚР ӘҚБтК-нің 637-бабының 15-бөлігі бойынша орын алған, өз кезегінде ғылыми-практикалық түсініктеме құқық бұзушылықтың материалды немесе формальды құрам болып табылатынын түсіндірмегендіктен, зерттеуші ретінде аталған бөлік бойынша жоғарыдағы негіздерге сәйкес, құқық бұзушылық құрамы материалды болып табылады деп пайымдай аламыз. Формальды құрам жағдайында құқық бұзушылық келген зиянды анықтамай анықталуы мүмкін. Мұндай құқық бұзушылықтар әкімшілік бақылау арқылы анықталуы мүмкін. Сот практикасын талдау кезінде әкімшілік құқық бұзушылықтардың басым бөлігі уәкілетті органдардың тарапынан жоспардан тыс тексеру барысында, мониторинг (спектрограмма) нәтижесінде және тұрғындардың өтініші бойынша жоспардан тыс тексеру жүргізу кезінде анықталған. Формальды құрамдағы құқық бұзушылықтарды анықтау дәлелдемелер тұрғысынан оңайырақ болуы мүмкін, өйткені бұл үшін құқық бұзушылық фактісін анықтау жеткілікті болып табылса, ал материалды құрамдағы құқық бұзушылықтарды анықтау көбінесе күрделі және техникалық дәлелдерді қажет ететінін көрсетті. Тараудағы құқық бұзушылықтардың басым бөлігі азаматтардың уәкілетті органдарға өтініштеріне негізінде немесе мониторинг арқылы анықталған. 637-баптағы көптеген құқық бұзушылықтар тек азаматтардың өтініштері арқылы анықталған, бұл құқық бұзушылықты анықтау азаматтардың белсенділігі байланысты екендігін және құқық бұзушылықтарды анықтаудағы кідірістердің бар екенін көрсетті. Мәселені шешу үшін уәкілетті органдар тарапынан азаматтардың өтініштеріне қарамастан мониторингілеудің неғұрлым белсенді тәсілін енгізу қажет, бұл құқық бұзушылықтарды уақтылы анықтауға мүмкіндік береді.

Ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы, сандық технологияға деген тәуелділік және киберқауіп санының жыл сайын артуы жағдайында, құқық бұзушылықтарды тиімді анықтау аса маңызды болып отыр. Қазақстан БҰҰ Халықаралық Телекоммуникация Одағының Жаһандық Киберқауіпсіздік Индексі (Global Cybersecurity Index) 2020 жылға жариялаған

рейтингісінде, 182 мемлекеттің ішінен 31-орынға орныққан (International Telecommunication Union, 2020).

«Мемлекеттік техникалық қызмет» Акционерлік қоғамының (бұдан әрі - «МТҚ» АҚ) 2023 жылға жариялаған киберқылмыс және кибер тыңшылық бойынша шолуында, еліміздің ақпараттық қауіпсіздік саласында бірнеше оқиғалар болып, мемлекеттік ұйымдардың инфрақұрылымында шетелдік кибершпиондар анықталған. «МТҚ» АҚ мен ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті (бұдан әрі-ҚР ҰҚК) бірлесе отырып, мемлекеттік органдардың инфрақұрылымдарынан құжаттарды жинау арқылы кибер тыңшылық жасаған хакерлер тобын анықтаған. Мемлекеттік қызметті алу үшін қолданылатын NCALayer бағдарламалық жасақтамасына зиянды бағдарлама орнатылған. Аталған бағдарламалық жасақтаманы орнату бойынша 2023 жылдың қыркүйек айында ncalayer.info/update.php, фишингтік интернет-ресурс анықталып, оны ашқан кезде NCALayer үшін жаңарту деген атпен «Trojan Downloader» сияқты зиянды бағдарлама жүктеліп және іске қосылған (Кибербезопасность по фактам, 2023).

ТМД елдеріндегі 2023-2024 жылдардағы өзекті киберқауіптер зерттеуінде, 2023-2024 жылдары Қазақстанда киберқылмыс құрбандары Бұқаралық ақпарат құралдары (19%), мемлекеттік мекемелер (12%), қаржы ұйымдары (12%) және телекоммуникация (7%) болған (PT Security, 2023). Осыған сәйкес, елімізде кибершабуылдарды талдау және тергеу орталығы (бұдан әрі - КТТО) киберқауіпсіздік саласындағы қызметімен танымал. Ақпараттандыру және байланыс саласындағы құқық бұзушылықтарды анықтауда уәкілетті органдар, «МТҚ» АҚ, КТТО-нан бөлек, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде және киберқылмыстарды анықтауда, мониторинг пен талдау жүргізу, сондай-ақ жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізетін ҰҚК-нің алатын маңызы зор. КТТО қытайлық хакерлердің Қазақстанның маңызды IT-инфрақұрылымына шабуыл жасауы туралы хабарламасы негізінде, ҰҚК-і ҚР ЦДИАӨМ бірге, қытайлық кибершпиондардың қызметі және қазақстандықтардың деректерінің таралуы фактісі бойынша тексеру жүргізген (МЦРИАП и КНБ анализируют материалы, 2023).

Ақпараттандыру және байланыс саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша әкімшілік іс жүргізудің, құқық бұзушылықтардың сипатына және арнайы білім мен техникалық құралдарды пайдалану қажеттілігіне байланысты өзіндік ерекшеліктері болады. Осы туралы А.В.Симаков: Ресей Федерациясының ӘҚБтК-нің 13-тарауының нормаларын құқық қолдану процесінде қолданудың күрделілігін, сот практикасында байланыс және ақпарат саласындағы терминология мен арнайы техникалық білімді меңгеру қажет (Симаков) екендігімен түсіндірген. ҚР ӘҚБтК-нің 684-бабының 1-бөлігіне сәйкес, әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған аудандық және оларға теңестірілген соттардың судьялары, ӘҚБтК-нің 637-бабының (сегізінші, тоғызыншы, оныншы және он үшінші бөліктеріндегі істерді қарайды. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қозғауға ҚР ӘҚБтК-нің 802-бабының 1-бөлігіне сәйкес:

- 1) әкімшілік құқық бұзушылық жасау фактісін уәкілетті лауазымды адамның тікелей анықтауы;
- 2) құқық қорғау органдарынан, сондай-ақ басқа да мемлекеттік органдардан, жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан түскен материалдар;
- 3) жеке және заңды тұлғалардың хабарламалары немесе мәлімдемелері, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарындағы хабарламалар;
- 4) арнайы автоматтандырылған өлшеу құралдарының, сондай-ақ сертифицирталған арнайы техникалық бақылау-өлшеу құралдары мен бақылау аспаптарының көрсеткіштері, оның ішінде автоматты режимде жұмыс істейтін және жолдағы жағдайды фото-, бейнетүсірілім арқылы, көлік құралының жүру жылдамдығы мен бағытын, жол жүрісіне басқа да

қатысушылардың іс-қимылдарын айқындау арқылы автомобиль көлігі және жол жүрісі қауіпсіздігі саласында әкімшілік құқық бұзушылықтың жасалуын тіркейтін бақылау аспаптарының көрсеткіштері;

5) бақылау-өлшеу аппаратурасының және (немесе) радиотехникалық бақылау құралдарының көрсеткіштері себептер болып табылады (Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі, 2014)

Әкімшілік құқық бұзушылық орын алғаннан кейін ӘҚБтК-нің 803-бабының 1-бөлігіне сәйкес, хаттаманы уәкілеттілік берілген адамдар жазбаша және электрондық нысанда жасайды. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс қозғауға негіз болатын іс жүргізу құжаты болып табылады, өйткені ол тиісті құқық бұзушылықты жасау фактісін тіркейді және көрсетеді (Жетписбаев, Жанибеков, & Кусаинов, 2017, б. 60).

Хаттамада әкімшілік құқық бұзушылықтың орны, уақыты, мәні, құқық бұзушылық үшін әкімшілік жауаптылық көзделген бап, істің қаралатын уақыты мен орны және басқа да мән-жайлар көрсетіледі. Хаттама жасалған кезде іс жүргізу тілі де анықталады. ҚР ӘҚБтК-нің 804-бабының 1-бөлігінің 23 тармақшасына сәйкес, ақпараттандыру және байланыс саласындағы уәкілетті органы 637-бабының (сегізінші, тоғызыншы, оныншы және он үшінші бөліктері) және 638-бабының (екінші бөлігі) бойынша әкімшілік хаттама жасауға құқығы бар. Әкімшілік хаттама құқық бұзушылық орын алу фактісі анықталғаннан кейін дереу жасалады. ӘҚБтК-нің 812-бабының 1-бөлігіне сәйкес, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс оның жасалған жері бойынша, ал осы Кодексте көзделген жағдайларда әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарау ведомстволық бағыныстылығына жататын уәкілетті органның (лауазымды адамның) орналасқан жері бойынша қаралады (Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі, 2014).

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қараудың жалпы тәртібі ӘҚБтК-нің 813-бабында реттелген. Жалпы лауазымды адам әкімшілік құқық бұзушылықтың өзінің құзыретіне жату, құқық бұзушылықты лауазымды адамның қарау мүмкіндігін болғызбайтын мән-жайлардың бар жоғы, өтінішхаттардың бар жоғы және тұлғалардың істің қаралу орны мен уақыты туралы хабарланғандығы туралы мәселелерді шешеді. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер ӘҚБтК-нің 817-бабына сәйкес, он бес тәулік ішінде қаралады. Әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша әкімшілік жаза қолдануға ӘҚБтК-нің 692-бабына сәйкес, соттардан бөлек, ақпараттандыру және байланыс саласындағы уәкілетті органдар қараған кезде, ақпараттандыру және байланыс саласындағы уәкілетті органның басшысы мен оның орынбасарлары және ақпараттандыру және байланыс саласындағы уәкілетті органның аумақтық органдарының басшылары құқылы. Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган ӘҚБтК-нің 640, 641-баптарындағы құқық бұзушылықтарды қарай отырып, әкімшілік жазаларды ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті органның басшысы және оның орынбасарлары және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган ведомствосының басшысы және оның орынбасарлары құқылы.

Жоғарыдағы баптардан соттардың аталған тараудағы әкімшілік құқық бұзушылықтарды қарау аясы тар екенін көруге болады. Тараудағы істердің көп бөлігін уәкілетті органдар қарайтын болғандықтан, ҚР ЦДИАӨМ статистикалық есептеріне сәйкес, ӘҚБтК-нің 637-бабы бойынша 190-әкімшілік құқық бұзушылық тіркелген. 5-іс сотпен қаралса, 182-уәкілетті органдармен қаралған. 183-істе әкімшілік жаза қолданылған, 2-іс бойынша ескерту, 180-іс бойынша айыппұл, 1-істе рұқсаттан айыру не оның қолданылуын тоқтата тұру, сондай-ақ тізілімнен шығару қолданылған. Жалпы бап бойынша 484 760 500 теңге көлемінде айыппұл салынып, соның

392 677 000 теңгесі өндірілген. Соттар салған айыппұл – 738 400 теңге, ал өндірілгені – 738 400 теңгені құраған. ӘҚБтК-нің 640-бабы 5-бөлігі бойынша 10-әкімшілік құқық бұзушылық тіркеліп, барлығы уәкілетті органдармен қаралған. 10-жеке тұлға жауаптылыққа тартылып, айыппұл салынған. Жалпы 304 590 теңге көлемінде айыппұл салынып, соның 433 810 теңгесі өндірілген. ӘҚБтК-нің 641-бабы 1-бөлігі бойынша 67-әкімшілік құқық бұзушылық тіркеліп, 2-іс сотпен, 63-уәкілетті органдармен қаралған. 44-заңды тұлға жауаптылыққа тартылып, 65-істе айыппұл салынған. Жалпы 4 413 570 теңге көлемінде айыппұл салынып, 3 018 210 теңгесі өндірілген. ӘҚБтК 30-бабына сәйкес, 23 мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары тартылған. Соттар салған айыппұл сомасы – 166 140 теңге, ал өндірілгені – 110 760 теңгені құраған (Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі (2023).

Статистикалық дерек, осы саладағы құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жазаны қолдану мен істерді қарауда уәкілетті органдардың құзыретінің басым екенін көрсетіп отыр. Әкімшілік жазалар жасалған әкімшілік құқық бұзушылық үшін салынатын мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы болып табылады және әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру және құқық бұзушылық жасаған адамды заңнама талаптарын сақтау және құқықтық тәртіпті құрметтеу рухында тәрбиелеу, сондай-ақ құқық бұзушының өзі де, басқа да адамдар да жана құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу мақсатында қолданылады (Жетписбаев, Жанибеков, & Кусаинов, 2017, 99-б). Дегенмен, тараудағы әкімшілік жаза мөлшері құқық бұзушылыққа сай келе бермейді. ӘҚБтК-нің 637-бабының 1-7-бөліктері үшін айыппұл көзделген, яғни осы құқық бұзушылықтарды уәкілетті органдар қарайды. Баптың 8-бөлігі үшін байланыс саласында қызметтер ұсынуға арналған лицензияны тоқтата тұру түріндегі әкімшілік жаза көзделіп, оны соттар ғана қолдана алады. Баптың 9,10-бөлігі бойынша сот әкімшілік жаза ретінде радиожилік спектрін пайдалануға берілген рұқсаттан айыруды қолданады. 11,12-бөлікте айыппұл, ескерту көзделсе, 13-бөлікте соттар айыппұлды қолданады. 14,15-бөліктер бойынша айыппұлды уәкілетті органдар қолданады. 638-баптың 1-бөлігі бойынша ескерту, айыппұлды уәкілетті органдар қолданса, 638-баптың 2-бөлігі бойынша сертификатталмаған байланыс құралдары тәркілеу мен айыппұлды соттар салады.

Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган ӘҚБтК-нің 639, 640, 641-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарай отырып, әкімшілік жаза ретінде ескерту және айыппұлды қолданады. ӘҚБтК-нің 42-бабына сәйкес, ескерту жасау, әкімшілік айыппұл, әкімшілік қамаққа алу негізгі әкімшілік жазалар ретінде ғана қолданылуы мүмкін. Арнайы құқықтан айыру, рұқсаттан айыру не оның қолданылуын тоқтата тұру, сондай-ақ тізілімнен алып тастау, қызметті немесе оның жекелеген түрлерін тоқтата тұру немесе оған тыйым салу, сондай-ақ шетелдіктерді немесе азаматтығы жоқ адамдарды Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен шығарып жіберу негізгі, сол сияқты қосымша әкімшілік жазалар ретінде қолданылуы мүмкін (Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексі (2014).

Әкімшілік құқықты зерттеуші ғалымдар еңбектерінде ақпарат саласындағы әкімшілік жазалардың тиімділігі мәселесін жиі көтеруде. ҚР ӘҚБтК-нің 637-бабы байланыс саласындағы заңнаманы бұзу бойынша сапасыз ұялы байланыс және мобильді интернет үшін байланыс операторлары 2022 жылғы 11 қыркүйектен бастап әкімшілік жауапкершілікке тартылған. 2022 жылы Батыс Қазақстан облысы бойынша мемлекеттік органдар 56 тексеру жүргізіп, ұялы байланыс операторларына 46 миллион теңге айыппұл салған (Сотовых операторов оштрафовали, 2023).

31-тараудағы құқық бұзушылықтар үшін айыппұлдың жиі қолданылуы, әкімшілік құқық бұзушылықтардың артуына және құқықтық ықпал ету шаралары ретінде тиімді емес болып

табылуы мүмкін. Себебі, 2023 жылдың қаңтар-мамыр айларында Қазақстанда байланыс қызметтерінен түскен кірістер бойынша байланыс операторлары 486 млрд теңгеге жуық табыс тапқан (Доходы от услуг связи в Казахстане, 2023). ҚР Ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес, 2023 жылғы қаңтар-сәуір айларында жедел деректер бойынша 242 млн теңге сомасына пошта және курьерлік қызмет көрсеткен (Бюро национальной статистики Республики Казахстан, 2023). Статистика, байланыс операторлары мен ақпараттандыру және байланыс саласындағы құқық бұзушылық субъектілері үшін әкімшілік жаза түрлері тиімді құқықтық ықпал етіп жатпағанын көрсетеді. Кейбір ғалымдар әкімшілік мәжбүрлеудің ерекше түрі ретінде процедуралық мәжбүрлеудің әкімшілік-құқықтық шараларын бөліп көрсетіп, бастапқы тәртіпті, бұрынғы жағдайды қалпына келтіру үшін, сондай-ақ келтірілген залалды өтеу түрлерін енгізуді ұсынған (Hryshchuk et al.).

Осы тұста, А.К.Дубень әкімшілік құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін тағайындалған әкімшілік айыппұлдардың мөлшері, жалпы алғанда, әкімшілік жазаның мақсаттарына қол жеткізуге сәйкес келмейтінін, ақпараттық саладағы құқықтық салдарлар нақты залалдан бірнеше есе асып түсетінін (Дубень, 2022) айтқан. Бұл пікірмен келісуге болады, себебі, еліміздегі құқық бұзушылықтар үшін салынып жатқан айыппұл құқық бұзушылықтардың алдын алып жатқан жоқ. Құқық бұзушылықтардың біраз бөлігі айыппұлмен шектелген. Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында және ықпал ету үшін рұқсаттан айыру не оның қолданылуын тоқтата тұру, сондай-ақ тізілімнен шығару, қызметті немесе оның жекелеген түрлерін тоқтата тұру немесе оған тыйым салу түріндегі жаза түрлерін қолдануды қарастыру қажет.

Қорытынды

Жалпы қорыта келе, ақпараттандыру және байланыс саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтарды анықтау және әкімшілік іс жүргізу, әкімшілік жаза тағайындау бөліктерінде, бірқатар жетілдіруді қажет ететін тұстары бар. Бірінші мәселе, саладағы әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қараудағы соттардың құзыретінің аз болуы. Бұл өз кезегінде соттардың жүктемесін азайтып, уәкілетті органдардың қызметін кеңейту болып табылуы мүмкін. Дегенмен, жоғарыдағы деректер мен статистика мәліметтері құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жазаның ықпал етуі төмен екенін көрсетеді.

Соттардың баптың белгілі бір бөліктеріндегі істерді ғана қарауы және уәкілетті органдардың істердің біраз бөлігі бойынша айыппұл салуы, құқық бұзушылықпен күрестің шешімі болып табылмайды. Осы мәселені шешу үшін уәкілетті органдар айыппұлдан бөлек, рұқсаттан айыру не оның қолданылуын тоқтата тұру, сондай-ақ тізілімнен шығару, қызметті немесе оның жекелеген түрлерін тоқтата тұру немесе оған тыйым салу түріндегі жаза түрлерін қолдануды қарастыру қажет. Екінші мәселе уәкілетті органдардың істерді қарау нәтижелері тек статистика түрінде болуы және шын мәнінде қандай құқық бұзушылардың құқық бұзушылық жасағандары туралы ақпараттың болмауы. Уәкілетті органдардың ашықтығы мен есептілігі мәселесі осы жерде көрініс тауып, уәкілетті органдардың қызметінің ашықтығы және есептілігін көрсетпейді. Аталған саладағы соттардың істерді қарауы бойынша сот практикасының болуы, осы саладағы құқық қолдану тиімділігінің нәтижесін көрсетеді.

Әдебиеттер тізімі

- Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі, 2014 ж. 5 шілде. *Adilet.zan.kz*. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235>
- Подопригора, Р. А. (Ред.). (2010). *Административное право: учебный курс*. Налоговый эксперт.
- Амелин, Р. В., Куликова, С. А., & Чаннов, С. Е. (Ред.). (2016). *Информационное право в схемах: учебное пособие*. Проспект.
- Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі. (2023). *1-ӘІ – Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің жинағы*. https://qamqor.gov.kz/crimestat/files/2023/8/19/202308_1AD_01200_kz.XLSX
- Иванов, Д. В. (2021). *Правовые механизмы разрешения административных правонарушений в сфере информационных технологий: монография*. Университет «Синергия». https://elibrary.ru/download/elibrary_44727674_42656533.pdf
- Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Телекоммуникациялар комитеті туралы ереже, 2019 ж. *Adilet.zan.kz*. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/G1900000189>
- Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Ақпараттық қауіпсіздік комитеті туралы ереже, 2019 ж. *Adilet.zan.kz*. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/G1900000169>
- Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2018 жылғы 13 маусымдағы № 263 бұйрығы. (2018). Ақпараттық жүйелердің аудитін жүргізу қағидаларын бекіту туралы. *Adilet.zan.kz*. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017141>
- Как МЦРИАП контролирует операторов связи: результаты проверок в 2023 году. (2023, 21 декабря). *Optimism.kz*. <https://optimism.kz/2023/12/21/kak-mczriap-kontroliruet-operatorov-svyazi-rezultaty-proverok-v-2023-godu/>
- Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі. (2023). Информация о результатах проверок, проведенных государственным органом и его территориальными органами. https://www.gov.kz/memleket/entities/infsecurity/press/article/details/95412?directionId=_796&lang=kk
- Дубень, А. К. (2022). Актуальные проблемы административной ответственности в сфере обеспечения информационной безопасности. *ВВ: Административное право и практика администрирования*, 4, 28–39. https://nbpublish.com/library_read_article.php?id=38792
- Безручко, Е. В., & Рысай, Б. Г. (2020). Некоторые проблемы административной ответственности в сфере связи и информации. *CyberLeninka*. <https://cyberleninka.ru/article/n/nekotorye-problemy-administrativnoy-otvetstvennosti-v-sfere-svyazi-i-informatsii/viewer>
- Научно-практический комментарий к Кодексу Республики Казахстан об административных правонарушениях. (2020). Нур-Султан. https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=34742422&pos=5;-90#pos=5;-90
- Бахрах, Д. Н., Российский, Б. В., & Стариков, Ю. Н. (2005). *Административное право: Учебник для вузов* (2-е изд., изм. и доп.). Москва: Норма.
- Қазақстан Республикасының сот актілері. № 7199-23-00-3а/202. (2023). <https://office.sud.kz/courtActs/document.xhtml>
- Қазақстан Республикасының сот актілері. № 7199-23-00-3а/179. (2023). <https://office.sud.kz/courtActs/document.xhtml>
- Қазақстан Республикасының сот актілері. № 7199-23-00-3а/203. (2023). <https://office.sud.kz/courtActs/document.xhtml>
- International Telecommunication Union. (2020). Global Cybersecurity Index. https://www.itu.int/dms_pub/itu-d/opb/str/D-STR-GCI.01-2021-PDF-E.pdf

- Кибербезопасность по фактам: все что нужно знать про киберпреступность и кибершпионаж (2023) года в Казахстане. (2023). STS.kz. <https://sts.kz/2024/01/08/kiberbezopasnost-po-faktam-vse-chto-nuzhno-znat-pro-kiberprestupnost-i-kibershpiionazh-2023-goda-v-kazahstane/>
- PT Security. (2023). Актуальные киберугрозы в странах СНГ (2023—2024). <https://www.ptsecurity.com/ru-ru/research/analytics/aktualnye-kiberugrozy-v-stranah-sng-2023-2024/#id1>
- МЦРИАП и КНБ анализируют материалы после сообщения об атаке китайских хакеров на Казахстан. (2023). *Kaztag*. <https://kaztag.kz/ru/news/mtsriap-i-knb-analiziruyut-materialy-posle-soobshcheniya-ob-atake-kitayskikh-khakerov-na-kazakhstan> Соңғы қаралған күн: 19.03.2025 г.
- Симаков, А. В. (год публикации неизвестен). Вопросы административных правонарушений в сфере связи и информации. <https://aeterna-ufa.ru/sbornik/NK-384.pdf#page=122>
- Жетписбаев, Б. А., Жанибеков, А. К., & Кусаинов, Д. О. (2017). Правовые основы административного процесса в Республике Казахстан: Учебное пособие. Алматы. <https://pps.kaznu.kz/kz/Main/FileShow2/103441/1/12/0/>
- Сотовых операторов оштрафовали на 140 млн за некачественную связь в ЗКО. (2023). *Zakon.kz*. <https://www.zakon.kz/proisshestiia/6409077-sotovykh-operatorov-oshtrafovali-na-140-mln-za-nekachestvennyuyu-svyaz-v-zko.html> Соңғы қаралған күн: 19.03.2025 г.
- Доходы от услуг связи в Казахстане в январе-мае 2023 года. (2023). *Profit.kz*. <https://profit.kz/news/64759/Dohodi-ot-uslug-svyazi-v-Kazahstane-v-yanvare-mae-2023-goda/>
- Бюро национальной статистики Республики Казахстан. (2023). Развитие статистики связи за январь-апрель 2023 года. https://stat.gov.kz/upload/iblock/063/ihfq6pyoir4q57cbrjatxvqvhlpc2sr/%D0%A0%D0%B0%D0%B7%D0%B2%D0%B8%D1%82%D0%B8%D0%B5%20%D1%81%D0%B2%D1%8F%D0%B7%D0%B8_%D1%80%D1%83%D1%81.pdf
- Hryshchuk, V., Hryshchuk, O., Franko, I., Fedina, N., Parasiuk, V., & Batyuk, O. (n. d.). Administrative and legal mechanism of information security in Ukraine. <https://dspace.lvduvs.edu.ua/bitstream/1234567890/3652/1/%D0%9F%D0%B0%D1%80%D0%B0%D1%81%D1%8E%D0%BA%20%D0%92.%20%D1%81%D1%82%D0%B0%D1%82%D1%82%D1%8F.pdf>

IRSTI: 10.17.65

Identification of Administrative Offenses in the Field of Informatization and Communication and Features of Administrative Proceedings

Kamilla Tleubekova

SDU University, Kaskelen, Kazakhstan

email: 231401002@sdu.edu.kz

Abstract

Currently, in connection with the development of information and communication technologies, the problems of identifying administrative offenses in the field of informatization and communication and the features of administrative proceedings, due to the complication of legal regulation in this area, are relevant. Statistical data of the prosecutor general's Office of the Republic of Kazakhstan and the Ministry of digital development, innovation and aerospace industry show that the number of administrative offenses in the field of informatization and Communications is growing every year in the country. This is relevant in the context of paying attention to the legislative framework and methods used to identify administrative offenses, taking into account the specifics of administrative proceedings on offenses.

The purpose of the article is to study the features of administrative proceedings in cases and identify offenses in the field of informatization and communication. As a result of the article, theoretical issues of identifying administrative offenses in the field of informatization and communication and the problem of the activities of authorized bodies in administrative proceedings are analyzed, and proposals are proposed to improve the measures of administrative punishment applied for offenses.

Keywords: information and communication technologies, informatization, communications, administrative offense, administrative punishment, offense, administrative proceedings, administrative and legal responsibility.

МРНТИ: 10.17.65

Особенности выявления и административного производства административных правонарушений в сфере информатизации и связи

Тлеубекова Камилла

SDU University, Каскелен, Казахстан

email: 231401002@sdu.edu.kz

Аннотация

В настоящее время, в связи с развитием информационно-коммуникационных технологий, актуальными становятся вопросы выявления административных правонарушений в сфере информатизации и связи, а также особенности административного производства, обусловленные усложнением правового регулирования в данной области. Статистические данные Генеральной прокуратуры Республики Казахстан и Министерства цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности свидетельствуют о том, что количество административных правонарушений в сфере информатизации и связи с каждым годом растет. Это подчеркивает необходимость уделения внимания как законодательной базе, так и методам выявления административных правонарушений с учетом специфики административного производства по таким делам.

Цель статьи — изучить особенности административного производства по делам и выявления правонарушений в сфере информатизации и связи. В результате в статье анализируются теоретические вопросы выявления административных правонарушений в указанной сфере и проблемы деятельности уполномоченных органов в рамках административного производства, а также предлагаются меры по совершенствованию административных наказаний, применяемых за правонарушения.

Ключевые слова: информационно-коммуникационные технологии, информатизация, связь, административное правонарушение, административное наказание, правонарушение, административное производство, административно-правовая ответственность.